



# ТАРИХИ ЭТНОЛОГИЯ

XX ғасыр аяғындағы мәдени  
психология: мәдениет психологияны  
анықтайды





**Мақсаты:** бұл дәріс антропологтардың мәдениет ұғымын қамтыған психологиялық тұжырымдамаларды іздеген жетекші мәдениет психологтарының тұжырымдамаларын қарауға арналған. Қаншама жылдардан кейін психологиялық антропология шын мәнінде мәдени психологиямен біріктірілді.

## Негізгі идея

### 1. Мәдениет-психологияның орталық факторларының бірі.

Тарихи этнология – этномәдениеттану үшін мәдени-психология маңызды орын алады. Мәдени психологтар оны білетін адам, субъекті көрген перспективаға қарамастан, шындықты ешқашан танымайды деп санайды. Және бұл көзқарас, негізінен, осы тақырыпқа ие болатын мәдениетпен анықталады.

Мәдени психологтар дәстүрлі танымдық (когнитивті) тәсіл және психологияның дамуымен байланысты тәсілден гөрі тарихи дамудағы адам әрекетіне көбірек мән береді. Жеке психологияны олар мәдени-құрылымдық және мәдени-өзгермелінің әлеуеті ретінде түсіндіреді.

Көптеген зерттеушілер, бірінші кезекте Майкл Коул, сондай-ақ Джером Брюнер және Джеймс Верчтер мәдени психологияның тамыры кеңестік психологтар Лев Выготский, Александр Лурия және Алексей Леонтьевтің мәдени-тарихи және белсенділік тәсілдерінде жатыр деді. Мұнда олар тарихи тұрғыдан дамып келе жатқан және контекстік тұрғыдан ерекше психологиялық үрдістердің мәдени орталығы туралы орталық идеяны қарастырды.

### 2. Майкл Коулдың мәдени-орталық психологиясы.

Майкл Коул, Кеңес дәуіріндегі мәдени-тарихи көзқараспен байланысты еңбектерді ағылшын тіліне аударып, зерттей отырып, ондағы мәдениетті биология мен әлеуметтік өзара әрекеттестік қатарындағы психологияның орталық факторларының бірі ретінде, бөлді. Коул «еңбек құралдарынан» «артефакттарға» екпін бере отырып, адам әрекетінің теориясы негізінде мәдени-орталықтанған психологияны қабылдайды және кеңестік теорияны дамытады. Ол артефактілерді бір уақытта материалдық және идеалды салаларға жатқызады, барлық артефактілер, соның ішінде «идеалдық» және «материалдық» қоса алғанда адамзат тарихының жемісі деп есептейді. Сонымен қатар, мәдени мінез-құлықтың барлық түрлері шығу тегі әлеуметтік артефактілер ретінде қарастырылады. Мәдениет - тарихи даму барысында әлеуметтік топтар жинаған артефактілердің тұтас ажырамас жиынтығы.

Коулдың анықтамасына сәйкес, «артефакт мақсатты адамзат әрекетіне енген тарихи даму барысында өзгеріске түскен материалдық әлемнің белгілі бір аспектісі». Артефакт, Коул мәліметтері бойынша, идеалды (танымды) және материалды болып табылады. Артефактілердің белгілері нысандар мен тілдерге қатысты сөз қозғалғанда бірдей қолданылады. «Стол» сөзі және нақты стол материалдарының ерекшеліктерімен ажыратылады, идеалды аспектілері және олар мүмкіндік беретін өзара әрекеттесу түрлерімен ерекшеленеді.

Бұл екі жағдайды идеалдық және материалдық, сондай-ақ оларды енгізуге болатын өзара әрекеттесу түрлері біріктіреді. Адамзат танымындағы материалдық және символдық бірлік осылай қалыптасады. Бұл Коулдың мәдениетті сырттай жеке адамға қатысы бар ма, сондай ақ алдындағы адамзат әрекеті жиынтығы немесе ішкі, тек білім мен түсініктердің көзі ме деген сұраққа жауабы.

### 3. Мәдениет адам психологиясы қалыптасатын маңызды компоненттердің бірі болып табылады.

Коулдың пайымдауынша, адамның өзіндік сипаты оның қажеттілігі мен қоршаған ортада өмір сүруге қабілеті, оған дейін өмір сүрген адамдардың әрекеттерімен өзгертілген деп санайды. Мұндай өзгерістер (трансформацияларды) мен беру механизмінің (трансмиссия) бір ұпақтан екіншіге ауысуы (трансформациясы) адамның артефактілерді жасауға икемділігі мен пайдалану қабілетінің арқасында мүмкін болады. Соңғысы адамның психологиялық үдерістерінің іргелі сипаттамасы болып табылады.

Мәдениет ортасында өмір сүретін адам үшін, мәдениет әрекеттерінің медиациясы екінші сипатқа айналады. Коул былай деп түсіндіреді: «Балалар өзінің әрекетімен артефактілерді медитацияға шығаруға қабілетті болып туылмайды, бірақ олар өздеріне күтім жасайтын ересектер әлеміне келіп, сондай қабілетке ие болады. Шын мәнінде, балалардың өздері әлемге кіріп, маңызды мәдени нысандарға айналады. Адамзат



мәнінің пайда болуы символикалық сипаттағы мәдени медиациядан шығатындығын дәлелдейтін негізгі фактілер мынада: жаңа туған нәрестелер әлемге енген кездің өзінде ақ олар ересектер тарапынан мәдениет түсіндірмелерінің (интерпретациясының) нысандарын құрайды.

Майкл Коулдың пікірінше, психология мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты, мәдениеттің әсерімен адам психологиясы қалыптасып, маңызды құрамдастардың бірі болып табылады. Психолог ретінде өзінің зерттеулерінде, ол адам санасына әрекет пен тәжірибе арқылы кіретін мәдени факторларды ескеруге тырысады. Әрбір мәдениетте психологиялық зерттеулердің нақты әдістері талап етіледі. Демек, мәдениет бір-бірінен ерекшеленеді және оның өкілдерінің психологиясы да ерекшеленді.

Соңғы он-он бес жылда шығарылған бірқатар теориялық жұмыстар мәдени психологияны пәнаралық тәсіл ретінде қаралуы мүмкін, бірақ аралас ғылыми бағыттардан мүлдем өзгеше жеке ғылыми бағыт ретінде сипаттайды.

#### **4. Адам — мәдениет тасымалдаушысы және ол мәдениеттің әсерінен қалыптасады.**

Басқа қызықты, мәдени психологтар арасынан біз Ричард Шведер мен Джейн Миллерді бөліп алайық. Мысалы, Шведер мәдени психологияны жалпы психологиядан, кросс-мәдени психологиядан, этнопсихологиядан және психологиялық антропологиядан айырмашылығын түсіндірді. Алайда, кейде бұларды бір-біріне қарама-қарсы қою да даулы болып көрінеді. Психологиялық антропологияның өзі тұтас ғылыми мектеп және зерттеу тәсілдерінің жиынтығы емес, ал Шведер тек кейбір психологиялық-антропологиялық тәсілдердің аздаған бөлігіндегі кейбір тұжырымдамалық модельдерін ғана жоққа шығарады, оның теориясы бойынша психологиялық антропологияның бөлігі ретінде батыл қарастырылуы мүмкін.

Джейн Миллер мәдени психологияны антропология, психология және лингвистикада тарихи тамыры бар пәнаралық сала ретінде қарастырады, сонымен қатар, перифериялық немесе тіпті уақытша ұмытылған деп саналатын аталған пәндер аясында орналастырады. Ол мәдени психологияны болашақ жаһандық теорияның негізі және қозғалысы ретінде түсінуі мүмкін деп есептейді.

Ол жалпы мәдени психологияға тән бірқатар негізгі теориялық ұстанымдарды анықтайды.

- жеке субъективтілікке назар аудару;
- мәдениет, психология және тәжірибе арасындағы өзара байланыс күмәндануға болмайтын түсінік;
- мәдениет пен психиканың ажырамас бірлігі идеясы;
- психологияның мәдени әр түрлілігінің қажеттілігін мойындау;
- байланыс және өзара әрекеттесу мәселелеріне назар аудару.

Мәдени психологияда объективті әлем, жеке субъектілік және мәдени құндылықтар біріне бірі қосылуы мүмкін емес деп есептеледі. Бұл тәсіл мәдени немесе психологиялық детерминизммен байланысты редуционизмді қабылдамайды. Жалпы психологияда тәжірибені түсіндіруде қолданылатын, өзін-өзі анықтайтын категорияларға қарау бағыты бар. Мәдени психология, керісінше, тәжірибені концептуализациялау әдісінде анық бола алмайды. Мәдени психология оқиғалардың нақты үлгісінің бір ғана дұрыс көрінісі бар екенін жоққа шығарады және тәжірибені түсіндіру әрдайым ақпараттың ерікті түрде салыстыруын болжайды. Дегенмен, объективті әлемді қабылдауға байланысты адам психикасының іргелі заңдарын жоққа шығару мүмкін болмаса да, танып білетін субъект оны көретін перспективаға қарамастан, ешқашан өзі тани алмайды. Ал бұл перспективаны көбінесе осы субъект тасымалдаушы болып табылатын мәдениет анықтайды. Қазіргі заманғы мәдени психологияда субъективтілік пен мінез-құлық детерминацияланған мәдени нанымдар ретінде қарастырылады.

Индивидтер түсіндіруге белсенді қосылған тәжірибе мәні ретінде ғана емес, сонымен қатар ұжымдық түрде «интенционалды» әлем ретінде қарастырылады. Мәдени психологтар адамдардың әрқайсысы өзіндік әлеуметтік-тарихи негізі бар бір ғана шындықты емес, көптеген шындықты құрастыра отырып, дәстүрлі когнитивтік тәсілдер мен даму психологиясына қатысты тәсілдерге қарағанда адамның іс-әрекеттеріне көп назар аударатындығын мойындайды.

Шведер адамдар, жеке адамдар мәдени-құрылымдық әлемде өмір сүреді, деп көрсетеді. Бірақ Миллер, мәдени және психологиялық құбылыстар өзара құрастырылады, деп санайды. Адам - мәдениеттің тасымалдаушысы, ол мәдениеттің әсерінен қалыптасады. Психология мен мәдениет арасында өткір



дихотомия болмайды. Миллер «ақыл-ойдың бірлігі постулаттары» дегенді жоққа шығарады. Ол «көп түрлі мәдени айырмашылықтарды тану жеке психологиялық дамуды түсіндіру үшін қажет» деп санайды. Бұл позиция, психологиялық үдерістердің мәдени-құрылымдық болып табылатындығын мойындайды, сондықтан мәдени құндылықтар мен тәжірибедегі айырмашылықтарға сәйкес түрлену мүмкіндігін айтады.

Мәдени психология әмбебап психологиялық үдерістердің мүмкіндігін жоққа шығармайды, бірақ соңғы мәдени құндылықтар мен тәжірибелердің ұқсастығына байланысты орын алады деп есептейді. Биологиялық үдерістердің маңыздылығын да жоққа шығармайды, бірақ олар мәдениетке тәуелді ретінде қарастырылады.

Жеке тұлғалар мәдениет психологтары ретінде, атап айтқанда, Шведерше тәжірибе мәнін түсіндіруге белсенді қатысатын, сонымен бірге бақылаушыдан тәуелсіз бір ғана ақиқатты (реальности) емес, көптеген әлеуметтік-тарихи негізделген ақиқатты ұжымдық түрде орындайтын интенциональды (қасақана) әлемді қарастырады.

Мәдениет рәміздері мен тәжірибесі тек «терминдерде» ұғынуы мүмкін, олар, мән-мағынасы бар мотивациялық күш болғандықтан өмір сүреді.

Адамның психологиялық үдерістері белгілі бір мәдениетке қолайлы құндылықтар мен практиканың шеңберінде ғана түрленуі мүмкін екендігін түсіну маңызды.

## 5. Ричард Шведер теориясындағы интенционалдық ұғымы.

Шведердің теориясының негізінде интенциональды (бір нәрсеге бағытталған) ұғымы, яғни біз өмір сүретін шындықтың негізгі сипаттамалары ретіндегі ұғым жатыр.

«Интенциональ» сөзі құрастырылған, әйгілі деп аударылуы мүмкін, сондықтан «интенциональды әлем» - белгілі бір мәдени парадигмалардың негізіндегі мәдениет арқылы құрастырылған әлем деуге болады.

Әрбір мәдениет адамдардың өздерінің сыртқы әлемі мен өздері туралы өз идеяларын қалыптастыратын өз ойлау логикасын белгілейді. Өзін-өзі таныстыруды да мәдениет орнатады, сондықтан да интенциональды. Интенциональды әлемде интенциональды жеке адамдар мекендейді. Әрбір мәдениет өзіндік бір мақсатқа бағытталады. Бәрі бағытталған болып табылады, тіпті біз рационалды ғылыми зерттеулер деп аталатын да өз қалауымыздан тұрады. Біз басқа бағытталғанды білуімізге болады, бірақ осындай бағыт шегінен асып кете алмаймыз, өйткені адамның шындықты қабылдау тетігі тек мәдени берілген парадигмаларда «жұмыс істейді».

Адам үшін объективті шындық - оның өзі білмейтін мағынада емес, мәселе, негізінен, адамның шындық концепцияларының алуан түрлілігін қалай түсіндіруінде жатыр. Интенциональдылық Шведер бойынша, адам жөніндегі кез-келген тиісті теориялық жағдайдың алғышарты болып табылады. Жеке тұлғалар мен дәстүрлер, адамдар мен мәдениеттер бір-біріне құрады. Сондықтан мәдени психология идеясы, сана үрдісі - өзін-өзі растау, оқыту, түсіндіру және эмоционалдық сезім үрдісі әлемнің әртүрлі мәдени аймақтарында бірдей болмауы мүмкін екенін көрсетеді.

## 6. Мәдени психология экзистенциалды белгісіздік пен интенциональды әлем концепциясынан шығады.

Мәдени психология жалпы психологияның барлық алғышарттарына қарсы бағытталған: әлеуметтік-мәдени ортадағы сыртқы ерекшеліктерден ақыл-ойдың ішкі ерекшеліктерін бөлу, түрден мазмұнды, тереңнен жер үстін, ішкі әрекет етуші механизмдерден басқа барлық әсерлерді бөлуге бағытталған. Ақыл-ой мәдениет психологиясына сәйкес тарихи түрлену мен мәдениетаралық көптүрліліктен ажырамас бір бөлігі болып саналатын интенциональды әлемнен бөліне алмайды.

Мәдениет психологиясы экзистенциалды (Экзистенциалды психология адамның мінез-құлқын түсінуге және оған әсер етуге бағытталған тұтас тәсіл ретінде пайда болды). белгісіздік пен интенциональды әлем тұжырымдамасынан шығады. Экзистенциалды белгісіздік қағидаты адам туылғаннан бастап әлеуметтік-мәдени орталардың құндылықтары мен ресурстарын игеруге және оларды пайдалануға тырысады.

Интенциональды әлемдердің қағидаты, субъект пен объект, тәжірибе мен тәжірибеден өтіп жатқан адам, адамзат және әлеуметтік-мәдени орта өзара бір-біріне енеді, бірақ тәуелсіз не тәуелді айналымдардағы өзгерісін талдай алмайды, деп болжайды. Ешкім де басқаның ерекшеліктерін ескермей өзін анықтай



алмайды. Бір жағынан, әлеуметтік-мәдени орта адамның субъективтілігінен тәуелсіз өмір сүре алмайды, екінші жағынан, әрбір адамның субъективтілігі және психикалық өмірі белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортаның құндылықтары мен ресурстарын игеру және оларды пайдалану үдерістері арқылы қалыптасады.

Әлеуметтік-мәдени орта – интенциональды әлем, өйткені оның өмір сүруіне адамдар қауымдастығының сенімі, ниеті, мақсаттары және басқа да ақыл-ойлары соған бағытталып, соның ықпалында болуымен байланысты.

Психика интенциональды жеке тұлғаны бейнелейді, мәдениет интенциональды әлемді бейнелейді. Шведердің тікелей дәйек сөзі: «интенциональды әлемдер адамның артефакт әлемі. Интенциональды оқиғалар, қарым-қатынастар, заттар интенциональды әлемде ғана бар. Кез келген нәрсе біздің қатысуымыздан тыс және оған деген біздің реакциямыз жоқ болса өмір сүре алмайды. Интенциональды нәрселер негізінен белсенді болып табылады, бірақ тек біз ақыл-ой нәтижесінде оларды елестетсек. Адамдардың түсінігі мен белсенділігінен бөлек, оларда «табиғи» шындық немесе иденттілік деген жоқ.

Интенциональды әлем интенциональды жағдайдан (сенімдер, қалау, эмоциялар) бөлек болмайды, оларға әсер етеді және олардың өзі солардың ықпалында болады адамдардың ықпалымен осы өмірде өмір сүреді. Интенциональды тұлға мен интенциональды әлем өзарабайланысты, олар интенциональды әрекет пен тәжірибе арқылы диалектикалық байланысқан, әрі соның жемісі.

Мәдениет - заттардың интенциональды схемасы. Ол жеке тұлғаны, қоғамды және табиғатты көрсетеді. Интенциональды әлем әлеуметтік құрылымдарда, практикада, артефактілерде, технологияда, көркемдік стильде, мәтіндерде және дискурс үлгілеріне әбден сіңген тұжырымдамалар, бағалау, пікірлер, мақсаттар және басқа да ақыл-ой ұсыныстарын енгізеді.

Мәдени психология интенциональды адамдар күнделікті және интенциональды ақыл ойға қалай әрекет ететінін және соған сәйкес өздерінің мінез-құлқын қалыптастыруды зерттейді.

Тіпті трансценденталдық шындықты интенциональды әлемнің бөлігі ретінде қарастырады. Мәдени психологияда тек бір интенциональды дүниені екіншіге айналдырудың диалектикалық үдерісі ретінде интенциональды әлемнің трансформациялануы мүмкін. Мәдениетпен белгіленген шындықтар (интенциональды әлемдер) және шындықты құрайтын психикалық (интенциональды жеке тұлғалар) өзара бір-бірімен байланысып, өзара бір-бірімен түсінісіп, бір-бірінің өмір сүруін анықтайды. Демек, мәдени психология бұл үдерістерді зерттейді, өйткені біз оларды түсінеміз және оларға енеміз.

Мәдени психология (психологтар үшін де, антропологтар үшін де маңызды), біріншіден, мәдениет пен психиканы талқылаудың бір-біріне қатысты сыртқы немесе ішкі болмауы үшін осындай тәсілін табу, екіншіден, адамның интенциональды әлемнің интенциональдығымен кездескенде бір-бірін бірге білдіретін, қолдайтын және қорғайтын көзқараспен әлеуметтік өзара іс-қимыл мен әлеуметтік тәжірибені зерделеу мақсатын қояды.

Мәдени психологияны классикалық, позитивтік психологиядан бөлетін негізгі мәселе XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы психологияның бірлігі не көптігі жөніндегі мәселе болды, ол мәдениетке деген көзқарасты анықтады. Мәселен, дәстүрлі мәдениетаралық психологтар психологиялық процестердің, сондай ақ психологияның мәдениеттен тыс нұсқасын, қазірге дейін кездесетін адамның ерекшелігін зерттеумен ғана шектеліп қоймай, барлық халықтардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алатын батыстық эмбебап теория құруға тырысты. Мәдениетаралық психология әртүрлі халықтардың психологиялық ерекшеліктеріне қызығады, бірақ шын мәнінде әртүрлі мәдениеттердің өкілдері арасында бірыңғай психологиялық заңның түрленуі бар екенін ескеретін әлдеқайда негізделген және қалыптасқан кең эмпирикалық негіздегі позитивтік психология. Бірақ мәдени психологияда, керісінше, мәдениет негізгі психологиялық үрдістерге жәй ғана әсер етіп қоймайды өзі осы үдерістерді қалыптастырады.

Мәдениетте эмбебап психология болмайды, әр мәдениет психологиясы әртүрлі, сондай ақ оны қабылдау мен құндылықтарды құрастыратын бағытқа интерпретациялаудың құралы немесе осындай құралдар жиынтығы деп, қарастыруы мүмкін. Егер болашақта мәдениетаралық психология жағдайында мәдениеттердің сандық салыстырылуы мүмкін болса, онда мәдени психология жағдайында - тек сапалы болмақ.

Джейн Миллердің пікірінше, «психиканың бірлігі постулатын жоққа шығара отырып, мәдени айырмашылықтардың көптілігі мен жеке психологиялық дамуды мәдени психология түсіндіруі қажет деп санайды. Бұл позиция мәдени тұрғыда психологиялық үрдістерден қалыптасқандығын және сондықтан мәдени құндылықтар мен практикалардағы айырмашылықтарға байланысты өзгеруі мүмкін деген мойындаудан шыққан.

Мәдени психология эмбебап психологиялық үдерістердің мүмкіндігін жоққа шығармайды, бірақ, соңғы



мәдени құндылықтар мен практикалардың белгілі бір ұқсастығына байланысты қайталану орын алады.

## 7. Ричард Шведер: «Интенционалды әлем- адамзат артефактісінің әлемі».

Ричард Шведер өзінің мәдени психология идеясында әлемнің түрлі мәдени аймақтарында сананың, өзін-өзі растаудың, оқытудың, ойлаудың және эмоционалдық сезімнің бірдей болмайтынын жазды.

Мәдениет психологиясы, сондай-ақ Мәдениет және Тұлғалар» мектебінің ерте психологиялық антропологтары үшін, тұлғаның мәдениеті мен мінез-құлқы мәдениетаралық психологияға қарағанда бір құбылысты құрайтын, бір-бірінен ажыратылмайтын, байланыста десе, бұл екі түрлі құбылыс тәуелсіз және тәуелді өзгермелі психологиялық зерттеулерде жиі өзгермелі түрде беріліп отырды.

Біртіндеп мәдени психологияның кейбір салалары психологиялық антропологияға көшеді. Осылайша, соңғысы мәдени және психологиялық синтез идеясына қайта оралып, жаңа деңгейдегі циклге өтеді.

Келесі лекцияда біз тарихи этнология, этномәдениет үшін маңызды дәстүртану ғылымына жүгінеміз.

**Негізгі терминдер:** Мәдени психология, психологиялық антропология, жеке психология, артефактілер, интенционалды әлем, мотивациялық күш, позитивті психология.

## Дәрістер тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Абрамян Э.Г. (1978) Инновация и стереотипизация как механизмы развития этнической культуры / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
2. Арутюнов С.А. (1989) Народы и культура: Развитие и взаимодействие. М.: Наука.
3. Бенедикт Р. (2007) Хризантема и меч. Модели японской культуры. М.: Наука.
4. Бенедикт Р. (1997) Психологические типы в культурах Юго-Запада США // Антология исследований культуры. — М.: Университетская книга.
5. Боас Ф. Ум первобытного человека. М.-Л., 1926.
6. Боас Ф. (1997) Границы сравнительного в антропологии // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
7. Боас Ф. (1997) История и наука в антропологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
8. Боас Ф. (1997) Методы этнологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
9. Боас Ф. (1997) Некоторые проблемы методологии общественных наук. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
10. Боас Ф. (1997) Эволюция или диффузия. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
11. Быховская И.М. (2005) Основы культурологии. М.: ACADEMIA XXI.
12. Дейк Т.А. ван. Язык. (1989) Познание. Коммуникация. М: Прогресс.
13. Леви-Брюль Л. (2015) Первобытное мышление. М.: Академический проект.
14. Леви-Брюль Л. (2015) Сверхъестественное в первобытном мышлении. М.: Академический проект.
15. Леви-Брюль Л. (2010) Первобытная мифология. М.: КРАСАНД.
16. Коул М. (1995) Культурные механизмы развития // Вопросы психологии. № 3.
17. Коул М. (1996) Культурно-историческая психология. М. Когито-центр.
18. Культурология. Фундаментальные основания прикладных исследований. (2010) Под ред. И.М. Быховской. М.: Смысл.
19. Культурология. XX век. Энциклопедия. (1998) Под ред. С.Я. Левит.— СПб.: Университетская книга; ООО “Алетейя”.
20. Лурье С.В. (2005) Историческая этнология. Москва: Академический проект.
21. Лурье С.В. (2004) Психологическая антропология. М.: Академический проект.
22. Лурье С.В. (1994) Метаморфозы традиционного сознания. СПб.: Типография им. Котлякова.
23. Лурье С.В. (2017) Культура и ее сценарий: имплицитный обобщенный сценарий как внутрикультурный интегратор // Общественные науки и современность. № 2.
24. Маркарян Э.С. (2014) Избранное. Наука о культуре и императивы эпохи. Санкт-Петербург: Центр гуманитарных инициатив Университетская книга Москва.



25. Маркарян Э.С. (1989) Проблема целостного исследования культуры в антропологии США. // Этнология в США и Канаде. М.: Наука.
26. Маркарян Э.С. (1981) Узловые проблемы теории культурной традиции // Советская этнография. № 2.
27. Маркарян Э.С. (1978) Культурная традиция и задача дифференциации ее общих и локальных проявлений / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
28. Маркарян Э.С. (1978) Об исходных методологических предпосылках исследования этнических культур / Методологические проблемы этнических культур. Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
29. Маркарян Э.С. (1977) Интегративные тенденции во взаимодействии общественных и естественных наук. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
30. Мид М. (1988) Культура и мир детства. М., Наука.
31. Надирашвили Ш.А. (1978) Психология пропаганды. Тбилиси: “Мецниереба”.
32. Прикладная культурология. Энциклопедия. (2019) Сост. и науч. редактор И.М. Быховская. М.: ООО «Издательство «Согласие».
33. Режабек Е.Я., Филатова А.А. (2010) Когнитивная культурология. СПб., Алетейя.
34. Узнадзе Д.Н. (1961) Экспериментальные основы психологической установки. Тбилиси: Издательство АН Гр. ССР.
35. Чистов К.В. (1981) Традиция, «традиционное общество» и проблема варьирования // Советская этнография. № 2.
36. Флиер А.Я. (2009) Культурология для культурологов. М., МГУКИ.
37. Флиер А.Я. (1995) Культурогенез. М.: Российский институт культурологии.
38. Эйзенштадт, Ш. (2010) Срывы модернизации. // Неприкосновенный запас. № 6.
39. Эйзенштадт, Ш. (1999) Революция и преобразование обществ. М., «Аспект-Пресс».
40. Ш. Эйзенштадт. О неопределенности термина «традиция». (Электронный ресурс). <https://cyberpedia.su/3x6f1f.html>
41. Barrett S. (1984) The Rebirth of Anthropological Theory. Toronto, Buffalo, L.: Univ. of Toronto Press.
42. Bock Ph.K. (1980) Continuities in Psychological Anthropology. San Francisco: W. H. Freeman and Company.
43. Boesch E. (1991) Symbolic Action Theory and Cultural Psychology. Berlin, Heidelberg, NY, L., Paris, Tokyo, Hongkong, Barselona, Budapest: Springel-Verlag.
44. Benedict R. (1934) Patterns of Culture. Boston and New York: Houghton Mifflin Company.
45. Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. (1984) Shweder R., LeVine R. (eds.) Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
46. D’Andrade R. (1995) The Development of Cognitive Anthropology. New York: Cambridge University Press.
47. D’Andrade R. (1992) Cognitive Anthropology. In: New Direction in Psychological Anthropology. Schwartz Th., White G. M., Lutz C. A. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
48. D’Andrade R. (1992) Schemas and Motivation. In: D’Andrade R., Strauss C. (eds). Human Motive and Culture Models. Cambridge: Cambridge University Press.
49. D’Andrade, R. (1984) Cultural Meaning Systems. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
50. D’Andrade R. (1981) The Culture Part of Cognition // Cognitive Science. № 5.
51. Dubois C. (1944) The People of Alor: a Socio-Psychological Study of an East Indian Island. Minneapolis: University Minnesota Press.
52. Duijker H.C.J., Frijda N.H. (1960) National Character and National Stereotypes: Confluence. Amsterdam: North-Holl Publishing Company.
53. Eisenstadt Sh. (2006) The Great Revolutions and the Civilizations of Modernity. Brill.
54. Eisenstadt Sh. (2004) The Civilizational Dimension of Modernity (англ.) In: S.A. Arjomand, E.A. Tiryakian. (eds.) Rethinking Civilizational Analysis. Sage Publication Ltd.
55. Eisenstadt Sh. (1992) Frameworks of the Great Revolutions: Culture, Social Structure, History and Human Agency // International Social Science Journal. Vol. 44. № 133.



56. Eisenstadt Sh. (1973) *Tradition, Change, and Modernity*. New York, Sydney, Toronto: John Wiley.
57. Ewing K. (1992) Is Psychoanalysis relevant for Anthropology. In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) *New Direction in Psychological Anthropology*. Cambridge University Press.
58. Geertz C. (1984) "From the native's point of view". On the Nature of anthropological Understanding. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
59. Harkness S. (1992) Human Development in Psychological Anthropology, In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) *New Direction in Psychological Anthropology*. Cambridge University Press.
60. Holland D. (1992) The Woman who Climbed up the House: Some Limitations of Schema Theory. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
61. Human Motive and Culture Models. (1992) D'Andrade, R., Strauss, C. (eds). Cambridge: Cambridge University Press,.
62. Jahoda G. (1981) *Psychology and Anthropology. A Psychological Perspective*. L., NY etc: Academic Press.
63. Inkeles A. (1997) *National character*. Transaction Publishers.
64. Inkeles A., Levinson D. (1969) *National Character: The study of Modal Personality and Sociocultural Systems*. In: Lindzey C. and Aronson E. (eds.). *The Handbook of Social Psychology*. Vol. IV. Massachusetts (Calif.), London, Ontario: Addison-Wesley.
65. Kardiner A., Lipton R. (1945) *The Individual and His Society*. New York: Columbia University Press.
66. LeVine R. A. (1984) Properties of Culture. An Ethnographic View. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
67. Lourie S. V. (2017) The Revival of Psychological Anthropology: a New Understanding of Interrelation Between Cultural and Psychological By Virtue of Cognitive Anthropology and Cultural Psychology. *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences* V. 10, № 7.
68. Lourie S. V. (2016) Culture as a field of human action (The experience of constructing a theory of cultural constants and implicit generalized cultural script) // *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*. V. 9, № 4.
69. Markarian E.S. (1992) Tradition as an Object of System Study // *World Futures*. V. 34.
70. Markarian E.S. (1998) *Capacity for World Strategic Management*. Yerevan: Gitutgun.
71. Mead M. (1959) *An anthropologist at work: Writings of Ruth Benedict*. — Boston: Houghton Mifflin Company.
72. Miller J. (1993) *Theory of Developmental Psychology*. NY: Freeman.
73. Nelson K. (1981) Cognition in a Script Frammework. In: J.H. Flavell and L. Ross (eds.) *Social Cognitive Development*. Cambridge: Cambridge University Press.
74. *New direction in Psychological Anthropology*. (1992) Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
75. Norman D. (1975) *Explorations in cognition*. San Francisco: Freeman.
76. Redfield R. (1956) *Peasant Society and Culture: An Anthropological Approach to Civilisation*. Chicago.
77. Romney A., Weller S., Batchelder W. (1986) Culture as Consensus: A Theory of Culture and Informant Accuracy // *American Anthropologist*. № 88.
78. Rouce A.P. (1982) *Ethnic Identity: Strategies of Deversity*. Bloomington.
79. Schwartz Th. (1992) *Anthropology and Psychology*. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
80. Schwartz Th. (1989) The Structure of National Cultures. In: Funke P. (ed.) *Understanding Of USA: A Cross-Cultural Perspective*. Tubengen: Gunter NarrVerlal.
81. Schwartz Th. (1978) Where is the culture? In: Spindler G (ed.) *The Making of Psychological Anthropology*. Berkeley: University of California Press.
82. Shils E. (1961) Centre and Periphery // Polanyi M.( ed.). *The Logic of Personal Knowledge: Essays*. London: Routledge & Kegan Paul.
83. Shils E. (1981) *Tradition*. London; Boston.
84. Shore B. (1991) Twice-Born, Once Conceived: Meaning Construction and Cultural Cognition. // *American Anthropologist*. Vol. 93, No 1, March
85. Shweder R. (1991) *Thinking Through Cultures*. Cambridge (Mass.), London (England): Harvard University





- Press.
86. Shweder R. (1990) Cultural psychology – What is it? In: Stigler J., Shweder R., Herdt G. (eds.) Cultural psychology: Essays on comparative human development, New York: Cambridge University Press.
  87. Shweder R. (1984) Anthropology's Romantic Rebellion against the Enlightenment, or There's more to Thinking than Reason and Evidence. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
  88. Simon H. (1981) Sciences of the artificial. Cambridge. MA: MIT Press.
  89. Skinner Q. (1985) The Return of Grand Theory in the Human Sciences. Cambridge University Press.
  90. Spiro M. (1984) Some reflections on Cultural determinism and relativism with Special Reference to Emotion and Reason. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
  91. The Making of Psychological Anthropology. (1978) Spindler G. (ed.) Berkeley: University of California Press.
  92. White G., Lutz C. (1992) Introduction. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.). New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
  93. White G. (1992) Ethnopsychology. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.). New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
  94. Wartofsky, M. (1979) Models Representation And The Scientific Understanding. Dordrecht: Holland / Boston: USA / L.: England: D. Reidel Publishing Company.